# «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

## ХҚЕС (IAS) 34 «*Аралық қаржылық есептілік*» сәйкес қысқартылған аралық қаржылық ақпарат

**30 маусым 2020 ж.**

# МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛУ БОЙЫНША ЕСЕБІ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ


Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық есептілік....1
Пайдалар немесе залалдар және өзге жиынтық табыстар туралы қысқартылған аралық есептілік....2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есептілік....3
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған аралық есептілік....4


Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер


1 Кіріспе....5
2 Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта....5
3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны....7
4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу....7
5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар....7
6 Ақшалай қаражаттар пен олардың баламалары....11
7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат....13
8 Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар....18
9 Өзге активтер....23
10 Қарыз қаражат....24
11 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме....25
12 Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв....25
13 Өзге міндеттемелер....26
14 Акционерлік капитал....26
15 Пайыздық табыстар мен шығындар....27
16 Таза комиссиялық табыстар....28
17 Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан туындаған шығындарды шегергендегі табыстар....28
18 Активтерді нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде туындайтын шығындар....28
19 Пайдаға салынатын салық....29
20 Шартты және келісімді міндеттемелер....29
21 Қаржылық тәуекелдерді басқару....31
22 Әділ құн туралы ақпаратты ашу....37
23 Байланысты тараптармен орындалатын операциялар....40
24 Есептілік мерзімі аяқталғаннан кейінгі жағдайлар....43

# Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа шолу бойынша есеп

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционеріне, Директорлар Кеңесіне және Басқармасына:

**Алғысөз**

Біз «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (әрі қарай – «Қор») 2020 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық есептілігіне және сәйкесінше аталған кезең соңында аяқталған алты ай кезеңіндегі пайдалар немесе залалдар және өзге жиынтық табыстар, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражатының қозғалысы туралы есептіліктеріне және түсініктеме ақпаратқа шолу жүргіздік. Басшылық аталған қысқартылған аралық қаржылық ақпаратын «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындауға және ұсынуға жауапты. Біздің міндетіміз бізбен жүргізілген шолу нәтижелері негізінде аталған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат бойынша қорытынды ұсыну болып табылады.

**Шолу тексеруінің көлемі**

Біз шолуымызды «Мекеменің тәуелсіз аудитормен орындалған аралық қаржылық ақпаратына шолу» 2410 Халықаралық шолу стандартына сәйкес жүргіздік. Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратына шолу бухгалтерлік есеп және қаржы мәселелеріне жауапты тұлғаларға сауалнама жүргізуден, сонымен қатар шолу бойынша аналитикалық және өзге рәсімдерді өткізуден тұрады. Шолудың көлемі Халықаралық аудит стандарттарға сәйкес орындалатын аудит көлемінен айтарлықтай аз, сондықтан шолу аудит өткізу барысында барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуға мүмкіндік бермейді. Сол себепті біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

**Қорытынды**

Өткізілген шолу нәтижелері бойынша, ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындалмағандығын сендіретіндей ешқандай негіздер біздің назарымызға түскен жоқ .

PricewaterhouseCoopers LLP.

3 тамыз 2020 жыл
Алматы, Қазақстан

*«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС*
*Әл-Фараби даң., 34, ғимарат А, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6*
*Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz*

*© 2020 PwC. Барлық құқықтар сақталған. PwC-дің рұқсатынсыз әрі қарай таратуға тыйым салынады. «PwC» дегеніміз - ПрайсуотерхаусКуперс Интернешнл Лимитед (PwCIL) мүшелерінің, немесе мағынасына сәйкес PwC желісінің жеке мүше фирмаларының желісі. Әр компания жеке заңды тұлға болып табылады және PwCIL немесе басқа мүше компанияның агенті ретінде әрекет етпейді. PwCIL клиенттерге қызмет көрсетпейді. PwCIL қатысушы компаниялардың кез-келгенінің әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді. Қатысушы компаниялардың ешқайсысы кез-келген басқа қатысушы компанияның әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді.*

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Еск. | 2020 ж. 30 маусымы (аудиттелмеген) | 2019 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақшалай қаражаттар пен олардың баламалары | 6 | 88,775,660 | 40,771,790 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 7 | 278,109,451 | 274,617,302 |
| Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек | | 2,192 | 16,779 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | | 914,162 | 97,495 |
| Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар | 8 | 16,226,656 | 7,930,294 |
| Негізгі қаражат | | 2,392,186 | 2,448,957 |
| Материалдық емес активтер | | 184,096 | 218,076 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу | | 8,217,845 | 9,231,239 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | | 1,497,824 | 199,965 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | | 281,618 | 330,533 |
| Өзге активтер | 9 | 6,007,643 | 1,641,158 |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | | **402,609,333** | **337,503,588** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Қарыз қаражат | 10 | 230,734,358 | 234,302,199 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме | 11 | 42,494,899 | 5,865,771 |
| Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв | 12 | 17,963,365 | 9,837,192 |
| Өзге міндеттемелер | 13 | 947,290 | 1,362,458 |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ** | | **292,139,912** | **251,367,620** |
| **МЕНШІКТІ КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 14 | 92,920,273 | 72,920,273 |
| Қосымша төленген капитал | | 10,735,627 | 10,735,627 |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры | | 114,859 | 132,723 |
| Өзге резервтер | | 316,430 | 316,430 |
| Бөлінбеген кіріс | | 6,382,232 | 2,030,915 |
| **МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **110,469,421** | **86,135,968** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **402,609,333** | **337,503,588** |

Шығару үшін бекітілді және Басқарманың атынан 2020 жылғы 3 тамызда қол қойылды.

Гаухар Бурибаева ханым
Басқарма Төрайымы

Айгуль Кусайынова ханым
Бас бухгалтер

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Еск. | Алты ай (аяқталу күні) 2020 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2019 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген, алынған пайыздық табыстар | 15 | 12,112,664 | 11,631,421 |
| Өзге ұқсас табыстар | 15 | 83,087 | 59,959 |
| Пайыздық шығындар | 15 | (5,610,737) | (5,107,413) |
| **Таза пайыздық маржа және осыған ұқсас табыстар** | | **6,585,014** | **6,583,967** |
| Несиелік залал бойынша бағалау резервін (құру) / қалпына келтіру | 7 | (1,273,028) | 236,293 |
| **Несиелік портфельдің құнсыздануы бойынша резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық табыстар** | | **5,311,986** | **6,820,260** |
| Таза комиссиялық табыстар | 16 | 2,191,975 | 1,546,764 |
| Қаржылық туынды құралдарымен орындалатын операциялардың кірістерін есепке алмағандағы шығындар | | - | (428,059) |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан туындаған шығындарды шегергендегі табыстар | 17 | 2,955,450 | - |
| Мойындаудың тоқтауына әкеп соқтырмайтын амортизациялық құны бойынша бағаланған қаржы активтерін түрлендіруден алынған табыстарды шегергендегі шығындар | | - | (483,500) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құнды қағаздармен жасалатын операциялар бойынша шығындарды шегергендегі табыстар | | 42,431 | 20,584 |
| Шетел валютасымен болған операцияларды есепке алмағандағы табыстар | | 1,822 | - |
| Шетел валютасын қайта бағалау шығындарын есепке алмағандағы кірістер | | 198,275 | 189,980 |
| Активтерді нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде туындайтын шығындар | 18 | (82,300) | - |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған инвестициялық құнды қағаздардың құнсыздануына арналған резервті қалпына келтіру | | 159 | 85,331 |
| Өзге активтердің құнсыздануына арналған резервке енгізілетін аударымдар | | (46,250) | (15,306) |
| Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервке енгізілетін аударымдар | 20 | (1,902,164) | (1,018,602) |
| Өзге операциялық табыстар | | 46,891 | 26,031 |
| Қор бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша шығындар | | (205,915) | (199,574) |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | | (2,075,311) | (2,065,930) |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | | **6,437,049** | **4,477,979** |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар | 19 | (944,489) | (592,400) |
| **Кезең ішіндегі пайда** | | **5,492,560** | **3,885,579** |
| **Өзге жиынтық табыс:** | | | |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар: | | | |
| - кезең ішіндегі табыстарды шегергендегі шығындар | | (17,864) | (83,297) |
| **Өзге жиынтық шығын** | | **(17,864)** | **(83,297)** |
| **Кезең ішіндегі жиынтық табыс жиыны** | | **5,474,696** | **3,802,282** |

Екі аралық кезең ішіндегі пайда мен жиынтық табыстың жалпы сомасы толықтай Қордың акционеріне тиесілі.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Акционерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры | Өзге резервтер | Үлестірілмеген пайда/(залал) | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтардағы түзетілген қалдық** | **72,920,273** | **834,527** | **222,476** | **316,430** | **(1,773,228)** | **72,520,478** |
| Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген) | - | - | - | - | 3,885,579 | **3,885,579** |
| Өзге жиынтық табыс (аудиттелмеген) | - | - | (83,297) | - | - | **(83,297)** |
| **2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі жиынтық табыс жиыны (аудиттелмеген)** | **-** | **-** | **(83,297)** | **-** | **3,885,579** | **3,802,282** |
| Кейінге қалдырылған салықты шегергендегі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан алынған қарыздар бойынша дисконтты мойындау (4-ескертпе) | - | 9,901,100 | - | - | - | **9,901,100** |
| **2019 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)** | **72,920,273** | **10,735,627** | **139,179** | **316,430** | **2,112,351** | **86,223,860** |
| **2020 жылғы 1 қаңтардағы түзетілген қалдық** | **72,920,273** | **10,735,627** | **132,723** | **316,430** | **2,030,915** | **86,135,968** |
| Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген) | - | - | - | - | 5,492,560 | **5,492,560** |
| Өзге жиынтық шығын (аудиттелмеген) | - | - | (17,864) | - | - | **(17,864)** |
| **2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі жиынтық табыс жиыны (аудиттелмеген)** | **-** | **-** | **(17,864)** | **-** | **5,492,560** | **5,474,696** |
| Капиталға енгізілген жарналар (аудиттелмеген) | 20,000,000 | - | - | - | - | **20,000,000** |
| Жарияланған дивидендтер (аудиттелмеген) | - | - | - | - | (1,141,243) | **(1,141,243)** |
| **2020 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)** | **92,920,273** | **10,735,627** | **114,859** | **316,430** | **6,382,232** | **110,469,421** |

5-беттен 43-бетке дейінгі ескертпелер осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | | Алты ай (аяқталу күні) 2020 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) | 2019 ж. 30 маусым (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат** | | | |
| Алынған пайыздар | | 8,939,762 | 7,233,309 |
| Төленген пайыздар | | (2,991,922) | (2,787,430) |
| Алынған комиссиялар | | 7,831,098 | 2,561,349 |
| Төленген комиссиялар | | (31,118) | (183,793) |
| Өзге операциялық қызметтен келетін түсімдер | | 25,395 | 109,194 |
| Еңбекақы төлеу бойынша шығындар, төленген | | (1,279,016) | (1,158,202) |
| Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген | | (1,491,094) | (1,684,877) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат** | | **11,003,105** | **4,089,550** |
| *Келесілер бойынша таза (өсім)/кему:* | | | |
| - басқа қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша | | (6,837,717) | (17,707,479) |
| - клиенттерге берілетін несиелер және алғытөлемдер бойынша | | (7,323) | 457,513 |
| - өзге активтер бойынша | | 194,008 | 37,263 |
| *Келесілер бойынша таза өсім/(кему):* | | | |
| - басқа қаржы міндеттемелері бойынша | | 37,938,091 | 18,477,375 |
| - басқа міндеттемелер бойынша | | 8,196 | (64,363) |
| **Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат** | | **42,298,360** | **5,289,859** |
| **Инвестициялық қызметтен алынған ақшалай қаражат** | | | |
| Инвестициялық құнды қағаздар сатып алу | | (10,237,293) | - |
| Инвестициялық құнды қағаздарды өткізуден және өтеуден түскен түсімдер | | 3,105,052 | 139,489 |
| Негізгі қаражатты сатып алу | | (114,335) | (53,397) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (5,768) | (22,503) |
| Сатуға арналған активтерді шығарудан түскен түсім | | 47,959 | 127,398 |
| **Инвестициялық қызметте қолданылған / одан алынған таза ақшалай қаражат** | | **(7,204,385)** | **190,987** |
| **Қаржылық қызметтен алынған ақшалай қаражат:** | | | |
| Қарыз қаражатының түсімі | | 4,825,113 | 28,704,766 |
| Қарыз қаражатын өтеу | | (11,017,586) | (944,261) |
| Акционерлер капиталға енгізген жарналар | | 20,000,000 | - |
| Төленген дивидендтер | | (1,141,243) | - |
| Шығарылған борыштық құнды қағаздарды өтеу | | - | (16,000,000) |
| **Қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат** | | **12,666,284** | **11,760,505** |
| **Айырбастау бағамы өзгеруінің ақшалай қаражатқа әсер етуі және олардың баламалары** | | **243,524** | **27,811** |
| **Құнсыздануға арналған резерв өзгерістерінің ақшалай қаражат пен оның баламаларына әсері** | | **87** | **-** |
| **Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының таза артуы** | | **48,003,870** | **17,269,162** |
| Кезең басындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары | 6 | 40,771,790 | 37,953,674 |
| **Кезең соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары** | | **88,775,660** | **55,222,836** |

5-беттен 43-бетке дейінгі ескертпелер осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1 Кіріспе

Осы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) қысқартылған аралық қаржылық ақпараты 34 «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес, 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін дайындалды.

Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 Қаулысына сәйкес құрылған. Қор Қазақстан Республикасы аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау бойынша даму институты ретінде қаржы қызметтерін ұсынатын акционерлік компания ретінде тіркелген және қызметін жүзеге асырады.

2020 жылғы 30 маусымдағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі «Жалғыз акционер») болып табылады. Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Тараптармен жасалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде берілген.

***Негізгі қызмет.*** Қордың негізгі қызметі коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын және микроқаржы ұйымдарына несие беру болып табылады. Бұл ретте түпкілікті қарыз алушылардың несиелері бойынша несиелік тәуекел коммерциялық банктерге аударылады. Қор Қазақстан аумағындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қаржыландыру үшін меншікті және қарыз қаражаттарын пайдаланады.

Қордың 17 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсе Қазақстанда, Алматы қаласында орналасқан.

***Заңды мекенжайы және шаруашылық қызметті жүргізу орны.*** Қор келесі мекен-жай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111.

***Есептілікті ұсыну валютасы.*** Егер басқаша көрсетілмесе, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпарат қазақстандық теңгемен көрсетіледі.

## 2 Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

***Республика Казахстан.*** Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді танытып келеді. Ол мұнай, газ және мемлекет экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының ауытқуына аса сезімтал. Бұл ерекшеліктер, сондай-ақ, ұлттық валютаның барымен шектелместен, елден тыс жерлерде еркін айырбасталмаған ұлттық валюта мен құнды қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейін қамтиды. Аймақта орын алған саяси шиеленіс, айырбастау бағамының тұрақсыздығы Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізді және келешекте де тигізе алады. Атап айтқанда теріс әсер мыналардан көрінеді: өтімділік деңгейінің төмендеуі және халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтардың туындауы.

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбастау бағамын қолдауды тоқтату туралы және инфляциялық шектеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүргізуге, валюталық дәлізді жоюға және еркін өзгермелі айырбас бағамына көшуге тыйым салу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Ұлттық Банктің айырбастау бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбастау бағамының күрт ауытқуын болдырмау мақсатында басқыншылыққа рұқсат береді.

Осы есеп күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 1 АҚШ долларына шаққанда 403.83 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ долларына шаққанда 418 теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары 381.18 теңге). Осылайша, теңгенің айырбастау бағамы мен Ұлттық Банктің және Үкіметтің келешек іс-әрекеттеріне қатысты, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсері туралы белгісіздік бар.

2020 ж. 21 ақпанында Fitch Ratings Қазақстанның шетел валютасындағы ұзақ мерзімді эмитент дефолты рейтингін («ЭДР») «BBB» деңгейінде, «Тұрақты» болжамы түрінде растады. Қазақстанның «BBB» ЭДР-ы, бір жағынан, мемлекеттің жинақталған мұнай-бюджеттік табыстарымен және күшті таза шетелдік активтерімен расталатын ірі фискальді және сыртқы буферлік резервтерін көрсетсе, екінші жағынан, шикізат секторына аса тәуелді екенін, салыстырылатын елдерге қатысты алғанда банк секторының әлсіздігін, сондай-ақ «BBB» рейтингілі елдерге арналған медианаға қатысты басқару сапасы бойынша скорингтік балдардың төмендігін көрсетеді.

## 2. Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

2020 жылғы 12 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 індетін жаһандық пандемия деп жариялады. Пандемияға байланысты Қазақстанның билік органдары COVID-19 індетінің таралуын тоқтатуға және оның салдарларын жеңілдетуге бағытталған қозғалуға тыйым салу және оны шектеу, карантин, жеке оқшаулану және коммерциялық қызметті шектеу, сондай-ақ кәсіпорындарды жабу сияқты бірқатар шараларды қабылдады. Осы орайда бұл шаралар Қазақстандағы экономикалық қызметті едәуір шектеді және бизнеске, нарықтың қатысушыларына, Қордың клиенттеріне, сондай-ақ қазақстандық және әлемдік экономикаға кері әсерін тигізіп үлгерді және анықталмаған уақыт кезеңінде әлі де тигізуі мүмкін.

Басшылық Қор қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өз клиенттері мен қызметкерлеріне қолдау көрсету үшін келесідей барлық қажетті шараларды қабылдауда:

- Қызметкерлердің 80%-ын қашықтан жұмыс істеуге жіберу;
- Сандық қызметтер көрсету мүмкіндіктерін кеңейту (офистерге келместен орындалатын операциялар санын арттыру):

  - «электрондық үкімет» веб-порталында несиелер мен субсидияларға кепілдік беру процестерін автоматтандыру;

  - барлық жүзеге асырылатын қолдау құралдарын сандық форматқа көшіру мақсатында Қордың жеке Online Damu интернет-порталын іске қосу;

  - 2020 жылдың бірінші жарты жылдығында Қорға осы ресурстарды пайдалану арқылы электрондық түрде кепілдік беру бойынша 345 өтінім және субсидиялау бойынша 1068 өтінім келіп түсті (2019 жылы: тиісінше 558 және 703 өтінім).
- Клиенттерге қолдау көрсету бағдарламаларын енгізу:

  1) Субсидиялау тұрғысынан Қор қайта құрылымдау жайттарын бекітуді қарау процесін оңтайландырып, қарау мерзімін 1 (бір) жұмыс күніне дейін қысқартты. Несиелік ұйымдар қарыз алушыларға карантин кезінде несиелерді төлеу мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігін ұсынады, бұдан кейін Қорға тараптардың қол қоюы және кейіннен субсидиялар төлеу үшін қосымша келісімдер пулын ұсынады.

     2020 жылғы 16 наурыздан 30 маусымға дейін субсидиялау құралдары бойынша 9.2 миллиард теңге сомасындағы 683 жобаға қол қойылып, 154.7 миллиард теңге сомасындағы 1013 жоба мақұлданды. Сондай-ақ осы кезең ішінде Қор 372 миллиард теңге сомасындағы несиеге тең 3105 жоба шеңберінде субсидиялау бойынша қайта құрылымдау құралдарын ұсынуды келісті.

  2) Кепілдік беру бойынша Қор Қордың кепілдігі негізінде берілген несиелер бойынша қайта құрылымдау құралын 6 (алты) жұмыс сағаты ішінде келіседі.

     2020 жылғы 16 наурыздан 30 маусымға дейін кепілдік беру құралдары бойынша 18.2 миллиард теңге сомасындағы 661 жобаға қол қойылып, 5.2 миллиард теңге сомасындағы 117 жоба мақұлданды. Сондай-ақ осы кезең ішінде Қор 95.4 миллиард теңге сомасындағы несиеге тең 3001 жоба шеңберінде кепілдік беру бойынша қайта құрылымдау құралдарын ұсынуды келісті, бұл ретте кепілдіктердің жалпы сомасы 41.9 миллиард теңгені құрады.

  3) Қордың бағдарламалары шеңберінде екінші деңгейлі банктерге, лизингтік компаниялар мен микроқаржы ұйымдарына (Серіктестерге) қарыз алушыларға негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңін ұсыну құқығы берілді. Серіктестер негізгі борышты төлеу бойынша 12-ден 24 айға дейінгі мерзімге жеңілдік кезеңін ұсынуға құқылы.

Қалыптасқан экономикалық жағдайдың келешектегі салдарларын және жоғарыда көрсетілген шаралардың нәтижелерін болжау қиын болғандықтан, қазіргі кездегі болжамдар мен басшылықтың бағалаулары нақты нәтижелерден өзгешеленуі мүмкін.

Күтілетін несиелік залалдарды бағалау үшін Қор макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, расталатын болжамдық ақпараттар пайдаланылады. Алайда, кез келген экономикалық болжамдардағыдай, олардың жүзеге асырылуына қатысты болжамдар мен ықтималдықтар анықталмағандықтың жоғары деңгейімен байланысты, және тиісінше, іс жүзіндегі нәтижелер болжанатыннан едәуір өзгешеленуі мүмкін. 5-ескертпеде Қордың күтілетін несиелік залалдар моделіне болжам ақпаратын қалай енгізетіні туралы қосымша ақпарат берілген.

2020 жылғы наурызда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (ХҚЕС жөніндегі кеңес) өзінің әдістемелік материалдарында COVID-19 індетінің ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес күтілетін несиелік залалдар есебіне әсерін анықтау, әсіресе, келешек макроэкономикалық жағдайларды бағалау кезінде ағымдағы анықталмағандық жайтын ескере отырып тиісті пайымдаулар жасау қажет екенін атап өтті. Нашарлау сипатындағы экономикалық болжамдар күтілетін несиелік залалдардың артуына, тиісінше, пайданың немесе залалдың құбылмалылық деңгейінің жоғарылауына себепші болды және әлі де себепші болуы ықтимал.

## 3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны

***Есептілікті ұсыну негіздері.*** Бұл қысқартылған аралық қаржылық ақпарат ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды және Қордың Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жылдық қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Егер төменде өзгеше көрсетілмесе, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты құрастыру кезінде Қордың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін құру кезінде қолданылған есепке алу ережелері мен есептеу әдістері қолданылды.

***Аралық кезеңдегі салық есебі.*** Аралық кезеңде пайдаға салынатын салық шығындары күтілетін жиынтық жылдық пайдаға қолданылатын салықтың тиімді мөлшерлемесі бойынша, яғни пайдаға салынатын салықтың бағаланған, орташа өлшенген, аралық кезеңдегі салықты шегергенге дейін пайдаға қолданылатын жылдық тиімді мөлшерлемесі бойынша есептеледі. Бұған қоса, ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салықтар» құжатына түзетулер енгізгеннен кейін ретроспективті түрде енгізілген Қордың жаңа есеп саясатына сәйкес, меншік иелерінің пайдаға немесе залалға қатысуынан түсетін пайдаға салынатын салық өтемі мұндай өтем өткендегі операциялармен немесе оқиғалармен (меншік иелерінің төлемдеріне қарағанда бөлінетін пайданы көбірек түрлендірген) байланысты болған кезде мойындалады.

## 4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу

Жаңа стандарттар мен түсіндірмелер. Төменде келтірілген қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер Қор үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды және Қорға айтарлықтай әсерін тигізген жоқ.

- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне енгізілген түзетулер (2018 жылғы 29 наурызда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Бизнес анықтамасы – ХҚЕС (IFRS) 3-ке енгізілген түзетулер (2018 жылғы 22 қазанда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңнен бастап сатып алынған құралдарға қатысты әрекет етеді).
- Маңыздылық анықтамасы – ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС (IAS) 8-ге енгізілген түзетулер (2018 жылғы 31 қазанда шығарылды және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы – ХҚЕС (IFRS) 9, МСФО (IAS) 39 және МСФО (IFRS) 7-ге енгізілген түзетулер (2019 жылғы 26 қыркүйекте шығарылды және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 2020 жылғы 28 мамырда шығарылған және 2020 жылғы 1 маусымда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін, COVID-19-бен байланысты жалдауға қатысты жеңілдіктерді ескеру туралы ХҚЕС (IFRS) 16-ға енгізілген түзету.

Қордың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға арналған соңғы жылдық қаржылық есептілігіндегі ақпараттарға енгізілмеген басқа жаңа стандарттар мен түсіндірмелер шыққан жоқ және күшіне енген жоқ. Қор әлі күшіне енбеген бұл жаңа стандарттар мен түсіндірмелердің әсерін бағалауды жалғастыруда, және олардың белгілі немесе негізді түрде анықталатын салдарлары туралы ақпараттарды бағалау нәтижелері белгілі болған кезде жариялайды.

## 5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар

Экономикалық жағдайдағы соңғы өзгерістерді көрсету мақсатында бағалаулар мен пайымдаулар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жылдық қаржылық есептілікте қамтылған бағалаулармен және пайымдаулармен салыстыру арқылы қайта қаралып, жаңартылды.

***Қызметтің үздіксіздігі.*** Басшылық осы қаржылық есепті қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде дайындаған. Аталған пайымдауды қолдану кезінде басшылық Қордың қаржылық жағдайын, ағымдағы ниетін, операцияларының табыстылығын және қаржылық ресурстарға қол жеткізуін есепке алған.

***Күтілетін несиелік залалдарды бағалау.*** Күтілетін несиелік залалдарды бағалау – 2019 жылғы 31 желтоқсандағыдай бағалау әдістемесін, модельдер мен бастапқы деректерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын маңызды бағалау. Келесі компоненттер несиелік залалдар бойынша бағалау резервіне едәуір әсер етеді: дефолттың анықталуы, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырағыштық және дефолт жағдайындағы залалдың көлемі, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлердің үлгілері. Қор күтілген есепті несиелік залалдар мен несие бойынша іс жүзіндегі залалдардың арасындағы алшақтықты азайту мақсатында үлгілер мен үлгілерге арналған бастапқы деректерді тұрақты түрде тексереді және растайды.

## 5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Экономикалық жағдайдың едәуір және күрт өзгеруі нәтижесінде Қор бұл өзгерістердің қаржы институттарына берілетін қарыздар бойынша және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша күтілетін несиелік залалдарды бағалау әдісіне әсерін талдау туралы шешім қабылдады. Қаржы мекемелері үшін Қор тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындаған сыртқы рейтингтер негізінде дефолт ықтималдығын бағалау деректерін анықтайды. Қазірдің өзінде рейтингтік агенттіктердің соңғы бағалауларында коронавирус пандемиясы мен экономикалық жағдайдың басқа да өзгерістерінің қаржы институттарына әсері ескерілуде, сондай-ақ қаржы институттарының рейтингті анықтау кезінде бұл факторларға қалай жауап қайтаратындығына талдау жасалған. Қор әртүрлі халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтерін ескереді, сондай-ақ олар анықтаған болжамды (тұрақты / теріс / оң) назарға алады. Бұған қоса, Қор қаржы ұйымдарының қаржылық күйіне жан-жақты талдау жасайды, олардың міндетті нормативтерді орындауын және несиелік портфельдерінің сапасын анықтайды, ағымдағы экономикалық жағдайдың аталған параметрлерге әсерін бағалайды. Күтілген несиелік залалдарды бағалау туралы ақпарат 21-ескертпеде берілген.

Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша Қор экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты несиелік тәуекелдің артуына ең бейім бизнес салаларын анықтау үшін кепілдіктер портфеліне талдау жасады. Есептік күндегі жағдай бойынша жекелеген салалар бойынша тәуекелдердің артуы анықталмады. Бұл ретте, Қор тарапынан кепілдіктер берілген қарыздар бойынша қайта құрылымдау жайттарының көп саны байқалуда, негізінен бұл қарыз алушылардың қаржылық қиындыққа тап болуы себебінен пайыздар мен негізгі борыштың мерзімін кейінге қалдыру жағдайлары болып табылады. Қор басшылығы мұндай қарыз алушылардың несиелік тәуекелінің едәуір артуына және Қордың аталған кепілдіктерді орындау ықтималдығының жоғарылауына байланысты мұндай кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік залалдарды ұлғайтуды мойындау туралы шешім қабылдады.

Қор басшылығы дағдарыс сынағын өткізіп, екі макроэкономикалық сценарийдің Қордың күтілетін несиелік залалдарының мөлшеріне әсерін бағалады:

- 1-сценарий: төлемге қабілетсіз қарыз алушылардың кепілдіктер портфеліндегі үлесінің 5%-ға дейін артуы, USD/KZT бағамының 440-қа дейін ұлғаюы, 4 екінші деңгейлі банктің (рейтингтер бойынша теріс болжамды банктер) несиелік рейтингінің 1 нотчқа төмендеуі – күтілетін несиелік залалдардың 7,800,181 мың теңгеге артуына әкеп соқтырады;

- 2-сценарий: төлемге қабілетсіз қарыз алушылардың кепілдіктер портфеліндегі үлесінің 5%-ға дейін артуы, USD/KZT бағамының 500-қа дейін ұлғаюы, барлық екінші деңгейлі банктердің несиелік рейтингінің 1 нотчқа төмендеуі – күтілетін несиелік залалдардың 11,612,356 мың теңгеге артуына әкеп соқтырады.

Қор күрделі экономикалық жағдай кезінде кәсіпкерлерге қолдау көрсетуді одан әрі жалғастырып, қызметтердің көрсетілуін жылдамдату үшін өз процестерін оңтайландыруда. 2-ескертпені қараңыз.

***Қаржы активтерін түрлендіру.*** Қаржы активтері шарттың талаптарына сәйкес түрлендірілетін кезде (мысалы, оларды қайта қараудың нәтижесінде), Қор түрлендірудің елеулі болу-болмауын және ол бастапқы активті мойындауды тоқтатуға және әділ құны бойынша жаңа активті мойындауға әкелуі тиіс болу-болмауын бағалайды. Бұл баға көбінесе тиісті есептік саясатта сипатталған сапалық факторларға негізделеді, және елеулі пайымдаулардың қолданылуын қажет етеді. Атап айтқанда, Қор шешім қабылдаған кезде талаптары қайта қаралған құнсызданған несие шарттарын мойындаудың қажеттілігі бар-жоқтығы туралы және қайтадан мойындалған несиелерді бастапқы мойындау кезінде құнсызданған ретінде қарастырудың қажеттілігі бар-жоқтығы туралы пайымдауды қолданады. Мойындауды тоқтату қажеттілігі туралы шешім – осындай түрлендірудің нәтижесіндегі тәуекелдер мен пайданың, яғни күтілген ақша ағындарының (шартта көзделген ақша ағындарының емес) өзгеру-өзгермеуіне байланысты. Басшылық осындай несиелердің нәтижесінде тәуекелдер мен пайданың өзгермегенін, және тиісінше шын мәнінде барлық осындай түрлендірулер мен несиелердің мойындалуын тоқтату және олардың құнсызданғандар кезеңінен қайта жіктеу орын алмағанын анықтады.

2018 жылдың басында Қорда 52,996,774 мың теңге көлемінде «ЦеснаБанк» АҚ-ға ұсынылған қарыздар бойынша талаптар болды, олар мемлекеттік қаражат және АДБ-дан алынған қаражат есебінен берілді. 2018 жылғы желтоқсанда АДБ қаражатынан 32,591,479 мың теңге көлемінде берілген қарыздар бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгро Холдингі» АҚ және «Цесна Корпорациясы» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Шекті келісім шарттарына сәйкес қайта құрылымдалды. Аталған қайта құрылымдау аясында «Цеснабанк» АҚ-мен берілген қарыздар бойынша талаптар – 15 жылдық өтеу мерзімімен және 4% мөлшерлемесімен «Цеснабанк» АҚ борыштық облигацияларына алмастырылды. Қор 2018 жылғы желтоқсанда осы облигацияларды өтеуін төлеп алды.

## 5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

2019 жылғы 18 қаңтарда екінші шекті келісімге қол қойылып, аталған облигациялар мөлшерлеменің 0.1%-ға дейін түсуі арқылы қайта құрылымдалды. Мемлекеттік қаражаттан берілген қарыздардың қалған бөлігі бойынша 20,499,974 мың теңге сомаға, пайыздық мөлшерлемесін 0,1%-ға дейін төмендету бойынша және түрлендірілген күнінен бастап 15 жылдық өтеу мерзімімен келісімшарттық талаптарды түрлендіру жүргізілді. Екінші қайта құрылымдаудан кейін Қор барлық қарыздар бойынша талап ету құқығынан айырылды. Бұның нәтижесінде шығыстардың (LGD) 55%-дан 70%-ға дейін ұлғаюы орын алды. Қор басшылығы аталған қайта құрылымдау әрекетін 2018 жылдың есептік күнінде түзетуді талап ететін, есептік күннен кейінгі оқиға ретінде есепке алады.

Қор қарыздар мен облигацияны модификациялауды маңызды және бұрынғы қаржылық құралды мойындауды тоқтатып, жаңа құралды мойындауды талап етеді деп бағалады. Ең алдымен Қор бастапқы қаржылық құралды құнсыздану мөлшерін сәйкесінше 70% және 100%-ға тең LGD және PD коэффициенттерін пайдалану арқылы белгіледі. Әрі қарай Қор облигациялардың әділ құнын есептеп шығарды, ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Әділ құнын анықтау барысында Қор дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдаланды және нарықтық мөлшерлемені несиелік тәуекелдің ескерілуімен нарықтық деректер негізінде 15.45% мөлшерінде анықтады. АДБ қаражатынан берілген қарыздардың осындай түрлендірілуі нәтижесінде, Қор 2018 жылға арналған пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы есепте 18,040,172 мың теңге көлеміндегі және 2018 жылдағы капиталдың құрамында 4,920,047 мың теңге көлеміндегі құнсыздану жайтын, және 2018 жылдағы капиталдың құрамында 5,904,111 мың теңге сомасындағы облигацияларды мойындаудан туындаған залалдарды мойындады.

***Байланысқан тараптармен орындалатын операцияларды бастапқы мойындау.*** Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілуі тиіс. Операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын анықтау үшін осындай операцияларға арналған белсенді нарық болмаған жағдайда, кәсіби пайымдаулар пайдаланылады. Пайымдаудың негіздемесі – байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады. Байланысты тараптармен орындалатын операцияларға қатысты шарттар 23-ескертпеде көрініс тапқан.

***Қаржылық құралдарды нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау*** Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор үшінші тараптармен, негізімен байланысқан тараптармен нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілуі тиіс. Пайымдаудың негіздемесі – байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады.

2014-2015 жылдары Қор «Бәйтерек» ҰБҚ» АҚ-дан 20 жыл өтеу мерзімімен 0.15% жылдық мөлшерлемемен 200 миллиард теңге көлемінде қаражат алды. Қарыз қаражаттарының әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша қисық табыстылықтан алынған жылдық базистік мөлшерлемені пайдаланды. 2014-2015 жылдары 200 миллиард теңге көлемінде алынған қаражат 20 жыл өтеу мерзімімен 2% жылдық мөлшерлемемен коммерциялық банктерде толық орналастырылды. Банктерге берілген қарыздың әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы әрбір несиелік рейтинг үшін Несиелік Дефолттық Спрэд негізінде әр банктің спецификалық несиелік тәуекелдерді пайдаланды. Несиелік Дефолттық Спрэд 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша қисық табыстылықтан алынған жылдық базистік мөлшерлемеге жобаланды. Тиімді пайыздық мөлшерлемелердің қолданылуы нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау барысында табыс пен шығындардың мойындалуына әкелді.

2014-2015 жылдары Қор 0.9207% жылдық мөлшерлемемен және 5 жылдық өтеу мерзімімен 350 миллион АҚШ доллары көлемінде АДБ-ан қаражат алды. Алынған қаражат АДБ-мен мақұлданған қазақатстандық коммерциялық банктерде толығымен орналастырылды. Қор басшылығы осы қарыздардың әділ құнын бағалай отырып кәсіби пайымдауды қолданды. Қор басшылығы қарыздар алу және несиелер беру бойынша мәмілелер жеткілікті деңгейде бірегей болып табылады деген тұжырымға келді, өйткені Қор да, АДБ да даму институттары болып табылады және нарықта мұндай мәмілелер жоқ. Тиісінше, мәмілелердің бағалары негізгі немесе аса тиімді нарық үшін қолданыстағы бағалар болып табыла отырып, мәміле бойынша шығындардың ескерілуімен кейіннен түзетуді қажет етеді. Осылайша, мәмілелердің бағалары бастапқы мойындау барысында берілген қарыз қаражаттары мен несиелердің әділ құнын білдіреді және ешқандай түзетулерді қажет етпейді. 10-ескертпені қараңыз.

## 5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБҚ» АҚ-дан 15 жылдық өтеу мерзімімен, 0,1% жылдық мөлшерлемемен 16 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қор бұл қарызды байланысқан тарап алдында бұған дейін шығарылған облигацияларды өтеу мақсатына алды. Басшылық валюталық тәуекелді, қарыздың қолданылу мерзімін және Қордың несиелік тәуекелін назарға ала отырып, осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені 10.65% деңгейінде есептеді. Бастапқы мойындау күнінде Қор 3,623,627 мың теңгеге тең сомадағы әділ құнды анықтады. Бұл ретте, Қор басшылығы ХҚЕС (IAS 20) және ДКЕ (SIC) 10 талаптарының барлығына талдау жасап, операциялық қызметпен белгілі бір өзара байланыс жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, қарыздың әділ құны мен алынған ақшалай қаражат арасындағы айырмашылық іс жүзінде мемлекеттік субсидияны емес, жалғыз акционердің меншікті капиталына енгізген жарнасын білдіреді. Сәйкесінше, Қор 9,901,100 мың теңге мөлшеріндегі меншікті капитал құрамындағы кейінге қалдырылған салықты ескере отырып, дисконтты акционерлермен жасалған операция ретінде таныды. Осы пайымды қолдану кезінде басшылық қаржыландыру шеңберінде бұған дейін келтірілген шығыстардың немесе залалдардың орнын толтыру жағдайлары, әлде қандай да бір нақты өнеркәсіп саласында немесе аймақта қызметті жалғастыру жағдайлары жоқ деп пайымдады.

***Шығарылған кепілдіктердің әділ құны.*** 2015 жылы Қор алынған қарыздар сомасына «Банк ЦентрКредит» АҚ-мен Еуропа қайта құру және даму банкінде (әрі қарай «ЕҚҚДБ») ашылған несие желілері бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ 36,157 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (2019 ж.: 29,407 миллион теңге). Қор басшылығы 2020 жылғы 30 маусымда «Банк ЦентрКредит» АҚ-дан алынған есептелген комиссиялық табыс сомасына негізделген бұл кепілдіктердің әділ құнын шығарылым күнгі жағдай бойынша бағалады, есептелген комиссиялық табыс сомасы 42,721 мың теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 57,751 мың теңге). 12 және 20-ескертпелерді қараңыз.

2017 жылы Қор «Банк Kassa Nova» АҚ-мен ЕҚҚДБ-да ашылған несие желілері бойынша алынған қарыздар сомасына «Банк Kassa Nova» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ 3,742 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 3,742 миллион теңге). Қор басшылығы 2,104 мың теңге көлемінде «Банк Kassa Nova»АҚ-нан алынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын бағалады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 4,899 мың теңге). 12 және 20-ескертпелерді қараңыз.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары шеңберінде Қор шағын және орта бизнес субъектілеріне несие сомасының 85%-на дейінгі бөлігін қамтитын кепілдіктер ұсынады. 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша берілген кепілдіктер сомасы 74,867,631 мың теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 66,689,225 мың теңге). Қаржылық кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік залалдарды есептеу үшін Қор кейінге қалдыру күндерінің саны негізінде қозғалыс матрицасын қолдана отырып, дефолт ықтималдығын анықтайды. 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша мониторинг жүргізу барысында Қор қарыз алушылардың қаржылық қиындықтарымен байланысты қайта құрылымдау жайттарының саны көп екенін анықтады, бұл күтілетін несиелік залалдар мөлшерінің артуына әкеп соқтырды. 30 маусымдағы жағдай бойынша шағын және орта бизнеске берілген кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік залалдар мөлшері 4,618,696 мың теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1,152,506 мың теңге).

## 6 Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2019 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| ҚРҰБ шотындағы қалдықтар (міндетті резервтерден басқа) | 47,404,690 | 7,568,431 |
| Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем сатып алу және кері сату («Кері РЕПО») шарттары | 34,121,905 | 28,371,222 |
| Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар | 7,249,134 | 4,842,118 |
| Құнсыздану жағдайына арналған резервті шегергенде | (69) | (9,981) |
| **Барлық ақшалай қаражат пен олардың баламалары** | **88,775,660** | **40,771,790** |

Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар шағын және орташа кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған қаражатты қамтиды. 11-ескертпені қараңыз.

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік сапаға қатысты ақшалай қаражатты және ақшалай қаражаттың баламаларын талдау деректері берілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар** | **ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтары** | **Кері РЕПО** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|---|
| *Мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған* | | | | |
| - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі | - | 47,404,690 | 7,227,979 | **54,632,669** |
| - BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен | 3,405,182 | - | 26,893,926 | **30,299,108** |
| - BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен | 3,441,601 | - | - | **3,441,601** |
| - B- және B+ аралығындағы рейтингпен | 402,025 | - | - | **402,025** |
| - CCC- және CCC+ аралығындағы рейтингпен | 57 | - | - | **57** |
| - рейтингі жоқ | 200 | - | - | **200** |
| **Бағалау резервіне дейінгі ақшалай қаражат пен олардың баламаларының жиыны (аудиттелмеген)** | **7,249,065** | **47,404,690** | **34,121,905** | **88,775,660** |

Кепілге берілген құнды қағаздар рейтингі негізінде Кері РЕПОНЫҢ несиелік сапасы.

## 6 Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапаға қатысты ақшалай қаражатты және ақшалай қаражаттың баламаларын талдау деректері берілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар** | **ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтары** | **Кері РЕПО** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|---|
| *Мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған* | | | | |
| - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі | - | 7,568,431 | 16,193,372 | **23,761,803** |
| - ВВВ- және ВВВ+ аралығындағы рейтингпен | 179,497 | - | 12,177,850 | **12,357,347** |
| - ВВ- және ВВ+ аралығындағы рейтингпен | 3,248,661 | - | - | **3,248,661** |
| - В- және В+ аралығындағы рейтингпен | 1,400,711 | - | - | **1,400,711** |
| - рейтингі жоқ | 13,249 | - | - | **13,249** |
| **Бағалау резервіне дейінгі ақшалай қаражат пен олардың баламаларының жиыны (аудиттелмеген)** | **4,842,118** | **7,568,431** | **28,371,222** | **40,781,771** |

Несиелік рейтинг Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын балама мәнге дейін айырбасталатын Standard & Poor's агенттігінің (бұл рейтинг болған жағдайда) және Moody's, агенттігінің рейтингіне негізделген.

Рейтингсіз ақшалай қаражат шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған және коммерциялық банктерге орналастырылған қаражат болып табылады. Қор басшылығы ХҚЕС 9-ға сәйкес құнсыздануға арналған резерв құрды.

Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде берілген.

## 7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген) | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қаржы мекемелері берген несиелер | 258,461,184 | 274,342,367 |
| Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер | 24,867,329 | 11,877,984 |
| Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген несиелер | 7,676,146 | - |
| Несиелік портфельдің құнсыздануына арналған резервті шегергенде | (12,895,208) | (11,603,049) |
| **Қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат** | **278,109,451** | **274,617,302** |

2020 жылдың 6 айы ішінде Қор банктердің мүліктерін, құнды қағаздарын және қарыздар портфельдерін теңгерімге қабылдау жолымен екі банктің берешектерінің өтелуін мойындады. Қор мүлікті өзге активтер құрамында мойындады (9-ескертпе), құнды қағаздарды амортизациялық құны бойынша бағаланатын құралдар ретінде мойындады (8-ескертпе), қарыздар портфельдерін клиенттерге берілетін несиелер мен алғытөлемдер құрамында мойындады. Жалпы алғанда, осы активтерді теңгерімге қабылдау жолымен Қор 6,559,637 мың теңге сомасындағы өтемді мойындады.

Төменде 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік сапаға қатысты қаржы мекемелеріндегі қаражатты талдау деректері берілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Қаржы мекемелері берген несиелер | Банктердегі депозиттер | Жиыны |
|---|---|---|---|
| *Мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған* | | | |
| Тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтері: | | | |
| - BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен | - | 10,463,985 | **10,463,985** |
| - BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен | 113,352,175 | 14,403,344 | **127,755,519** |
| - B- және B+ аралығындағы рейтингпен | 129,978,625 | - | **129,978,625** |
| - CCC- және CCC+ аралығындағы рейтингпен | 190,017 | - | **190,017** |
| Қордың ішкі бағалауы: | | | |
| - Жақсы деңгей | 10,400,437 | - | **10,400,437** |
| - Қанағаттанарлық деңгей | 12,083,738 | - | **12,083,738** |
| **Барлық мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған** | **266,004,992** | **24,867,329** | **290,872,321** |
| *Жекелей құнсызданған (жалпы сома)* | | | |
| - төлемді кешіктірмей | 91,109 | - | **91,109** |
| - төлемді 360 күннен астам кешіктірумен | 41,229 | - | **41,229** |
| **Барлық жекелей құнсызданған (жалпы сома)** | **132,338** | **-** | **132,338** |
| **Құнсыздануына байланысты резервті есепке алмағанда** | **(12,827,650)** | **(67,558)** | **(12,895,208)** |
| **Қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат** | **253,309,680** | **24,799,771** | **278,109,451** |

## 7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша қаржы мекемелерінде қаражатты талдау берілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Қаржы мекемелері берген несиелер** | **Банктердегі депозиттер** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|
| *Мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған* | | | |
| - BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен | - | 3,811,800 | 3,811,800 |
| - BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен | 108,778,984 | 8,066,184 | 116,845,168 |
| - B- және B+ аралығындағы рейтингпен | 147,510,488 | - | 147,510,488 |
| - рейтингі жоқ | 14,154,482 | - | 14,154,482 |
| **Барлық мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған** | **270,443,954** | **11,877,984** | **282,321,938** |
| *Жекелей құнсызданған (жалпы сома)* | | | |
| *Мерзімі өтіп кетпеген және құнсызданған* | | | |
| - B- және B+ аралығындағы рейтингпен | 3,857,184 | - | 3,857,184 |
| *Мерзімі өткен* | | | |
| - төлемді 360 күннен астам кешіктірумен | 41,229 | - | 41,229 |
| **Барлық жекелей құнсызданған (жалпы сома)** | **3,898,413** | **-** | **3,898,413** |
| **Құнсыздануға арналған резервті шегергенде** | **(11,561,430)** | **(41,619)** | **(11,603,049)** |
| **Қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат** | **262,780,937** | **11,836,365** | **274,617,302** |

Несиелік рейтинг Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын балама мәнге дейін айырбасталатын Standard & Poor's агенттігінің (бұл рейтинг болған жағдайда) және Moody's, агенттігінің рейтингіне негізделген.

2020 жылдың бірінші жарты жылдығында рейтингсіз қаржы мекемелеріндегі қаражат бір коммерциялық банкке және микроқаржы ұйымдарына берілген (2019 ж.: үш коммерциялық банкке және микроқаржы ұйымдарына берілген) несиелер түрінде болды. Қор бұл қаржы мекемелерінің несиелік сапасына ішкі талдау жасады. Қордың ішкі рейтингінің, сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтерінің сәйкестігіне және дефолт ықтималдығына қатысты мәліметтерді 21-ескертпеден қараңыз.

Қаржы мекемесі берген қаражаттың құнсыздануы жөніндегі мәселені қарастыру кезінде Қор назар аударатын негізгі фактор оның мерзімінің өтіп кету статусы, сондай-ақ несиелік рейтингтің өзгеруі болып табылады. Осының негізінде жоғарыда Қор жеке тәртіпте құнсызданған деп анықтаған, қаржы мекемелеріне берілген қаражаттың қаржы мерзімі бойынша талдауды берді.

Резервтердің қалпына келтірілуі жекелеген коммерциялық банктердің қаржылық жағдайының жақсаруымен және оңалуымен түсіндіріледі, бұл банктердің берешегінің құнсыздануын бағалау кезінде назарға алынатын көрсеткіштердің жақсаруына себепші болды.

2020 жылдың бірінші жарты жылдығында міндеттемелері жүйеден тыс есепке көшірілген, бұған дейін таратылған банктер бойынша 116,232 мың теңге сомасындағы резервті қалпына келтіру жүзеге асырылды. (2019 ж. бірінші жарты жылдығы: 169,144 мың теңге).

Қаржы мекемелеріндегі қаражат сомаларының әр санатының әділ құнын бағалауға қатысты 22-ескертпені қараңыз. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде көрсетілген.

## 7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде есептік кезеңнің басы мен соңы аралығында болған несиелік залал бойынша бағалау резервіндегі және банктердегі депозиттердің жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Несиелік залал бойынша бағалау резерві: 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | Несиелік залал бойынша бағалау резерві: Жиыны | Жалпы теңгерімдік құн: 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | Жалпы теңгерімдік құн: Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| ***Банктердегі депозиттер*** | | | | |
| **2020 жылғы 1 қаңтар бойынша** | **(41,619)** | **(41,619)** | **11,877,984** | **11,877,984** |
| *Кезең ішінде несиелік залал бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:* | | | | |
| Басқа өзгертулер | (25,939) | **(25,939)** | 12,989,345 | **12,989,345** |
| **2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша** | **(67,558)** | **(67,558)** | **24,867,329** | **24,867,329** |

Төмендегі кестеде есептік кезеңнің басы мен соңы аралығында болған несиелік залал бойынша бағалау резервіндегі және банктердегі депозиттердің жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Несиелік залал бойынша бағалау резерві: 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | Несиелік залал бойынша бағалау резерві: Жиыны | Жалпы теңгерімдік құн: 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | Жалпы теңгерімдік құн: Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| ***Банктердегі депозиттер*** | | | | |
| **2019 жылғы 1 қаңтар бойынша** | **(22,562)** | **(22,562)** | **11,767,466** | **11,767,466** |
| *Кезең ішінде несиелік залал бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:* | | | | |
| Басқа өзгертулер | (22,252) | (22,252) | 8,621,928 | 8,621,928 |
| **Кезең ішіндегі несиелік залалдар бойынша бағалау резервіне енгізілген аударымдарға әсер ететін өзгерістерді есепке алғаннан кейінгі теңгерім жиыны:** | **(44,814)** | **(44,814)** | **20,389,394** | **20,389,394** |
| *Кезең ішінде несиелік залал бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер етпейтін өзгертулер:* | | | | |
| Валюталарды қайта есептеу және басқа өзгертулер | 160 | 160 | - | - |
| **2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша** | **(44,654)** | **(44,654)** | **20,389,394** | **20,389,394** |

## 7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2020 жылдың бірінші жарты жылдығында болған, осы факторлар салдарынан орын алған несиелік залал бойынша бағалау резервіндегі және қаржы ұйымдарына берілген несиелердің жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген:

| | Несиелік залал бойынша бағалау резерві | | | | Жалпы теңгерімдік құн | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ)** | **2-кезең (Барлық кезең ішіндегі несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуынан болған БКЗ)** | **3-кезең Барлық кезең ішіндегі несиелік құнсыздалған активтер бойынша БКЗ)** | **Жиыны** | **1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ)** | **2-кезең (Барлық кезең ішіндегі несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуы кезіндегі БКЗ)** | **3-кезең Барлық кезең ішіндегі несиелік құнсыздалған активтер бойынша БКЗ)** | **Жиыны** |
| ***Қаржы мекемелері берген несиелер*** | | | | | | | | |
| **2020 жылғы 1 қаңтар бойынша** | (4,336,146) | (6,141,805) | (1,083,479) | **(11,561,430)** | 250,972,548 | 19,471,406 | 3,898,413 | **274,342,367** |
| *Кезең ішінде несиелік залал бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:* | | | | | | | | |
| Аудару: | | | | | | | | |
| – барлық кезең ішіндегі несиелік залалға (1-кезеңнен 2-кезеңге) | 1,355,953 | (3,613,210) | - | **(2,257,257)** | (24,694,208) | 22,381,357 | - | **(2,312,851)** |
| - құнсыздалған активтерге (1 және 2-кезеңнен 3-кезеңге) | | | | | | | | |
| – 12 айлық болжалды несиелік залалға (2-ші және 3-кезеңнен 1-кезеңге) | | | | | | | | |
| Қайта құрылған немесе сатып алынған | (182,795) | - | - | **(182,795)** | 22,111,560 | - | - | **22,111,560** |
| Кезең ішінде мойындауды тоқтату | 335,137 | (111,585) | 999,309 | **1,222,861** | (24,991,296) | (892,087) | (3,766,076) | **(29,649,459)** |
| Болжалды несиелік залалды бағалау моделінің жорамалдарындағы өзгертулер | (70,251) | 29,301 | - | **(40,950)** | 1,337,116 | 283,825 | - | **1,620,941** |
| Дисконтты амортизациялау | (940) | (7,139) | - | **(8,079)** | 18,860 | 5,912 | - | **24,772** |
| **2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша** | **(2,899,042)** | **(9,844,438)** | **(84,170)** | **(12,827,650)** | **224,754,580** | **41,250,413** | **132,337** | **266,137,330** |

## 7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде жылдық кезеңнің басы мен соңы аралығында болған, осы факторлар салдарынан орын алған несиелік залал бойынша бағалау резервіндегі және қаржы ұйымдарына берілген несиелердің жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген:

| | Несиелік залал бойынша бағалау резерві | | | | Жалпы теңгерімдік құн | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | 2-кезең (Барлық кезең ішіндегі несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуынан болған БКЗ) | 3-кезең Барлық кезең ішіндегі несиелік құнсызданған активтер бойынша БКЗ) | Жиыны | 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | 2-кезең (Барлық кезең ішіндегі несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуы кезіндегі БКЗ) | 3-кезең Барлық кезең ішіндегі несиелік құнсызданған активтер бойынша БКЗ) | Жиыны |
| ***Қаржы мекемелері берген несиелер*** | | | | | | | | |
| **2019 жылғы 1 қаңтар бойынша** | (4,555,728) | (2,895,627) | (5,129,083) | **(12,580,438)** | 217,086,128 | 5,998,395 | 7,309,592 | **230,394,115** |
| *Кезең ішінде несиелік залал бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:* | | | | | | | | |
| Аудару: | - | - | - | - | - | - | - | - |
| – барлық кезең ішіндегі несиелік залалға (1-кезеңнен 2-кезеңге) | - | - | - | - | - | - | - | - |
| - құнсызданған активтерге (1 және 2-кезеңнен 3-кезеңге) | - | - | - | - | - | - | - | - |
| – 12 айлық болжалды несиелік залалға (2-ші және 3-кезеңнен 1-кезеңге) | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Қайта құрылған немесе сатып алынған | (206,321) | - | - | **(206,321)** | 22,315,256 | - | - | **22,315,256** |
| Кезең ішінде мойындауды тоқтату | 59,826 | 805,883 | - | **865,709** | (10,398,409) | (1,677,552) | - | **(12,075,961)** |
| Болжалды несиелік залалды бағалау моделінің жорамалдарындағы өзгертулер | (615,680) | - | 39,189 | **(576,491)** | 1,137,150 | - | 82,689 | **1,219,839** |
| Дисконтты амортизациялау | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша** | **(5,317,903)** | **(2,089,743)** | **(5,089,894)** | **(12,497,541)** | **230,140,125** | **4,320,843** | **7,392,281** | **241,853,249** |

## 8 Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2019 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар | 8,041,931 | 626,160 |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар | 5,502,337 | 4,658,062 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар түрінде анықталған борыштық құнды қағаздар | 2,682,388 | 2,646,072 |
| **Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар жиыны** | **16,226,656** | **7,930,294** |

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар бағалау санаттары мен кластары бойынша көрсетілген.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар түрінде анықталған борыштық құнды қағаздар** | **Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар** | **Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноталары | - | 7,430,896 | - | **7,430,896** |
| Қазақстандық мемлекеттік облигациялар | 1,434,967 | - | - | **1,434,967** |
| Корпоративтік облигациялар | 1,247,421 | 617,463 | 5,502,337 | **7,367,221** |
| 2020 ж. 30 маусымындағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар жиыны (әділ құны немесе жалпы теңгерімдік құны) | 2,682,388 | 8,048,359 | 5,502,337 | **16,233,084** |
| Несиелік залал бойынша бағалау резерві | - | (6,428) | - | **(6,428)** |
| **2020 ж. 30 маусымындағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар жиыны. (теңгерімдік құны)** | **2,682,388** | **8,041,931** | **5,502,337** | **16,226,656** |

## 8 Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсан бойынша борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар бағалау санаттары мен кластары бойынша көрсетілген.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар түрінде анықталған борыштық құнды қағаздар | Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар | Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстандық мемлекеттік облигациялар | 1,435,984 | - | - | 1,435,984 |
| Корпоративтік облигациялар | 1,210,088 | 632,747 | 4,658,062 | 6,494,310 |
| 2019 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар жиыны (әділ құны немесе жалпы теңгерімдік құны) | 2,646,072 | 632,747 | 4,658,062 | 7,930,294 |
| Несиелік залал бойынша бағалау резерві | - | (6,587) | - | - |
| **2019 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар жиыны (теңгерімдік құны)** | **2,646,072** | **626,160** | **4,658,062** | **7,930,294** |

### (а) Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар несиелік тәуекелмен байланысты сәйкес есептен шығаруды көрсететін әділ құн бойынша мойындалады және Қордың максималды несиелік тәуекелі туралы барынша дәл ақпаратты ұсынады. Төменде 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бағаланатын қарыз құнды қағаздарды талдау берілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Қазақстандық мемлекеттік облигациялар | Корпоративтік облигациялар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| ***Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған*** | | | |
| - BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен | 1,434,967 | - | **1,434,967** |
| - B- және B+ аралығындағы рейтингпен | - | 1,247,421 | **1,247,421** |
| **Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтердің теңгерімдік құнының жиыны** | **1,434,967** | **1,247,421** | **2,682,388** |

## 8 Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бағаланатын қарыз құнды қағаздарды талдау берілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Қазақстандық мемлекеттік облигациялар** | **Корпоративтік облигациялар** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|
| ***Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған*** | | | |
| - BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен | 1,435,984 | - | **1,435,984** |
| - B- және B+ аралығындағы рейтингпен | - | 1,210,088 | **1,210,088** |
| **Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтердің теңгерімдік құнының жиыны** | **1,435,984** | **1,210,088** | **2,646,072** |

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар үшін қамсыздандыру қарастырылмаған.

### (б) Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны негізінде бағаланатын борыштық құнды қағаздар бойынша несиелік тәуекел талдауы берілген, олар үшін күтілетін несиелік залалға арналған бағалау резерві несиелік тәуекел деңгейлері негізінде мойындалады.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ)** | **Жиыны** |
|---|---|---|
| ***Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноталары*** | | |
| - BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен | 7,430,896 | **7,430,896** |
| ***Корпоративтік облигациялар*** | | |
| - B- және B+ аралығындағы рейтингпен | 617,463 | **617,463** |
| **Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын активтердің теңгерімдік құнының жиыны** | **8,048,359** | **8,048,359** |
| Несиелік залал бойынша бағалау резервін шегергенде | (6,428) | **(6,428)** |
| **Теңгерімдік құн (әділ құн)** | **8,041,931** | **8,041,931** |

## 8 Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны негізінде бағаланатын борыштық құнды қағаздар бойынша несиелік тәуекел талдауы берілген, олар үшін күтілетін несиелік залалға арналған бағалау резерві несиелік тәуекел деңгейлері негізінде мойындалады.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | Жиыны |
|---|---|---|
| ***Корпоративтік облигациялар*** | | |
| - В- және В+ аралығындағы рейтингпен | 649,154 | **649,154** |
| **Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын активтердің теңгерімдік құнының жиыны** | **649,154** | **649,154** |
| Несиелік залал бойынша бағалау резервін шегергенде | (6,587) | **(6,587)** |
| Әділ құнды амортизацияланған құнды бағалаудан әділ құнды бағалауға түзетуді шегергенде | (16,407) | **(16,407)** |
| **Теңгерімдік құн (әділ құн)** | **626,160** | **626,160** |

Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар үшін қамсыздандыру қарастырылмаған.

2020 жылдың 6 айы ішінде және 2019 жыл ішінде несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаю факторлары байқалмады және дефолт көрсеткіштері мен резервтер 12 айлық болжалды несиелік залалға тең болып есептелді.

### (в) Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздардың теңгерімдік құны Қорға осы активтерге қатысты несиелік тәуекелдердің максималды әсер ететінін де көрсетеді.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 1-кезең (12 ай ішіндегі БКЗ) | Сатып алынған немесе құрылған құнсыздалған | Жиыны |
|---|---|---|---|
| ***Корпоративтік облигациялар*** | | | |
| - В+ рейтингімен | 827,874 | - | **827,874** |
| - В- рейтингімен | - | 4,674,463 | **4,674,463** |
| **Жалпы теңгерімдік құн** | **827,874** | **4,674,463** | **5,502,337** |
| Несиелік залал бойынша бағалау резерві | - | - | **-** |
| **Теңгерімдік құны** | **827,874** | **4,674,463** | **5,502,337** |

## 8 Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздардың теңгерімдік құны, сондай-ақ, Қордың осы активтерге қатысты несиелік тәуекелдерге максималды шалдыққыштығын көрсетеді.

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған** | **Жиыны** |
|---|---|---|
| ***Корпоративтік облигациялар*** | | |
| - В- және В+ аралығындағы рейтингпен | 4,658,062 | **4,658,062** |
| **Жалпы теңгерімдік құн** | 4,658,062 | **4,658,062** |
| Несиелік залал бойынша бағалау резерві | - | **-** |
| **Теңгерімдік құны** | 4,658,062 | **4,658,062** |

Қор 2018 жылғы 13 және 14 желтоқсанда бұрын Қормен «ЦеснаБанк» АҚ-ға берілген қарыздарға айырбастау жолымен «ЦеснаБанк» АҚ облигацияларын сатып алды. Аталған облигациялардың атаулы құны - есептелген пайыздардың ескерілуінсіз 32,800,312 мың теңгені құрайды. Қор 15.45% мөлшерлемесі бойынша дисконтталған төлемдер әдісімен облигациялардың әділ құнын бағалады, ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Облигациялар сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржы құралдары ретінде танылды, осыған байланысты несиелік залалдарға арналған бағалау резерві мойындау сәтінде аталған облигациялардың теңгерімдік құнына кірді. Қор күтілетін несиелік залалдарға қатысты түзету енгізілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы дисконтты амортизациялайды. Қарыз құнды қағаздарда қамсыздандыру болмайды.

## 9 Өзге активтер

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген) | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын дебиторлық берешек | 922,299 | 1,404,414 |
| Құнсыздануға арналған резервті шегергенде | (66,365) | (124,528) |
| **Басқа активтер құрамындағы барлық қаржы активтері** | **855,934** | **1,279,886** |
| Төлемегені үшін алынған қамсыздандыру | 4,406,211 | 116,748 |
| Кіріс салығынан басқа салықтар | 488,678 | 106,114 |
| Қызметтер үшін алдын ала төлем | 185,303 | 64,841 |
| Шикізаттар мен материалдар | 43,295 | 71,217 |
| Аяқталмаған құрылыс | 22,152 | - |
| Басқа | 12,452 | 8,917 |
| Құнсыздануға арналған резервті шегергенде | (6,382) | (6,565) |
| **Барлық өзге активтер** | **6,007,643** | **1,641,158** |

Төлемегені үшін меншікке алынған қамтамасыз ету - мерзімі кешіктірілген несиелерді реттеу барысында Қормен алынған жылжымайтын мүлік нысандарын білдіреді. Қор алдағы келешекте осы активтерді іске асыруды көздейді. Бұл активтер сату үшін тағайындалған ұзақ мерзімді активтерді анықтауға жауапты болмайды және ХҚЕС (IAS 2) «Босалқы қорлар» талаптарына сәйкес тауар-материалдық босалқы қорлар ретінде жіктелген. Бұл активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша мойындалды және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің жіктемесі өзгерген жағдайда әділ құны бойынша қайта бағалануы тиіс.

2020 және 2019 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде құнсыздануға арналған резервтің өзгеруін талдау деректері:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2020 ж. 30 маусым | | | 2019 ж. 30 маусым | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өзге қаржы активтері | Өзге активтер | Жиыны | Өзге қаржы активтері | Өзге активтер | Жиыны |
| **1 қаңтардағы құнсыздану бойынша резерв** | **124,528** | **6,565** | **131,093** | **123,923** | **7,160** | **131,083** |
| Кезең ішінде құнсыздануға арналған резервке енгізілген аударымдар/ (резервті қалпына келтіру) (аудиттелмеген) | 46,433 | (183) | **46,250** | (375) | (1,098) | (1,473) |
| Кезең ішінде үмітсіз ретінде есептен шығарылған қаражат (аудиттелмеген) | (134,557) | - | **(134,557)** | (272) | - | (272) |
| Бағамдағы айырма | 20,049 | - | **20,049** | (1,101) | - | (1,101) |
| Өзге | 9,912 | - | **9,912** | 45 | - | 45 |
| **30 маусымдағы құнсыздануға арналған резерв** | **66,365** | **6,382** | **72,747** | **122,220** | **6,062** | **128,282** |

2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша өзге активтердің құрамына 17,842 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған дебиторлық берешек енгізілді (2019 ж. 31 желтоқсаны: 129,270 мың теңге), барлық дебиторлық берешек бір жылдан артық мерзімге кейінге қалдырылды. Өзге қаржы активтерінің әр түрінің әділ құнын бағалау туралы ақпарат 22-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде көрсетілген.

## 10 Қарыз қаражат

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген) | 31 желтоқсан 2019 жыл |
|---|---|---|
| «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (6.57% - 6.71%) | 88,151,359 | 85,459,707 |
| Муниципалдық органдар (0.01% - 1%) | 66,937,153 | 62,664,664 |
| Азия даму банкі (7.5%) | 55,891,911 | 66,328,552 |
| «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (2% - 6.5%) | 19,416,325 | 19,416,325 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі (0%) | 337,610 | 432,951 |
| **Барлық қарыз қаражат** | **230,734,358** | **234,302,199** |

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБҚ» АҚ-дан 15 жылдық өтеу мерзімімен, 0,1% жылдық мөлшерлемемен 16 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қор бұл қарызды байланысқан тарап алдында бұған дейін шығарылған облигацияларды өтеу мақсатына алды. Басшылық валюталық тәуекелді, қарыздың қолданылу мерзімін және Қордың несиелік тәуекелін назарға ала отырып, осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені 10.65% деңгейінде есептеді. Бастапқы мойындау күнінде Қор 3,623,627 мың теңгеге тең сомадағы әділ құнды анықтады. Бұл ретте, Қор басшылығы ХҚЕС (IAS 20) және ДКЕ (SIC) 10 талаптарының барлығына талдау жасап, операциялық қызметпен белгілі бір өзара байланыс жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, қарыздың әділ құны мен алынған ақшалай қаражат арасындағы айырмашылық іс жүзінде мемлекеттік субсидияны емес, жалғыз акционердің меншікті капиталына енгізген жарнасын білдіреді. Сәйкесінше, Қор 9,901,100 мың теңге мөлшеріндегі меншікті капитал құрамындағы кейінге қалдырылған салықты ескере отырып, дисконтты акционерлермен жасалған операция ретінде таныды. Осы пайымды қолдану кезінде басшылық қаржыландыру шеңберінде бұған дейін келтірілген шығыстардың немесе залалдардың орнын толтыру жағдайлары, әлде қандай да бір нақты өнеркәсіп саласында немесе аймақта қызметті жалғастыру жағдайлары жоқ деп пайымдады.

Төмендегі кестеде әрбір ұсынылған кезең үшін, қаржы қызметінің нәтижесінде туындайтын Қор міндеттемеелеріндегі өзгерістер ұсынылған. Берешек баптары қаржылық қызмет ретінде ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрініс тапқан.

| | Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер | | | |
|---|---|---|---|---|
| *(мың қазақстандық теңгемен)* | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | ЖАО, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, ҚР ҚМ | Азия даму банкі | Жиыны |
| **2019 ж. 1 қаңтарындағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер** | 76,392,378 | 69,385,576 | 55,532,019 | 201,309,973 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысы | 16,492,311 | 12,062,852 | 8,087,475 | 36,642,638 |
| Бағамдық айырмалар бойынша түзетулер | - | (3,430) | 117,323 | 113,893 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысы жоқ өзге өзгерістер | (7,424,982) | 1,068,942 | 2,591,735 | (3,764,305) |
| **2019 ж. 31 желтоқсанындағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер** | **85,459,707** | **82,513,940** | **66,328,552** | **234,302,199** |
| Ақша қаражаттарының қозғалысы | (158,400) | 3,612,323 | (12,638,318) | (9,184,395) |
| Бағамдық айырмалар бойынша түзетулер | - | 18,301 | - | 18,301 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысы жоқ өзге өзгерістер | 2,850,052 | 546,524 | 2,201,677 | 5,598,253 |
| **2020 ж. 30 маусымындағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер** | **88,151,359** | **86,691,088** | **55,891,911** | **230,734,358** |

Өзге қарыз қаражатының әр санатының әділ құнын бағалау туралы ақпарат 22-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде берілген.

## 11 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)** | **31 желтоқсан 2019 жыл** |
|---|---|---|
| Муниципалдық органдар | 42,034,284 | 3,201,661 |
| Банктер | 460,615 | 2,664,110 |
| **Субсидиялау бағдарламасы бойынша барлық міндеттеме** | **42,494,899** | **5,865,771** |

Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелерді «ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті» РММ, «ҚР-дағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы» және муниципалдық органдар жариялайды. Мұндай қаражаттар әрі қарай «Нұрлы жер» Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасына, «Бизнестің жол картасы - 2025» Бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес үкіметпен субсидияланған жобалар бойынша төлем ретінде жергілікті банктерге беріледі.

2020 жылғы наурызда Қор «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі» ММ-мен агроөнеркәсіптік кешендегі, өңдеу өнеркәсібіндегі өңдеу және Басым жобаларға несие беру тетігі шеңберінде көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қаражат аудару шартын жасасты. Осы шарт шеңберінде Қор 2020 жылдың бірінші жарты жылдығында 15,554,242 мың теңге алды.

Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелердің әділ құнын бағалау туралы ақпарат 22-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде берілген.

## 12 Келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)** | **2019 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Қаржылық кепілдіктер бойынша келешек кезеңдердің табысы | 13,288,286 | 8,590,808 |
| Қаржылық кепілдік (несиелік сипаттағы міндеттемелер резерв) | 4,675,079 | 1,246,384 |
| **Барлық келешек кезең табыстары мен міндетті несиелік сипаттағы резерв** | **17,963,365** | **9,837,192** |

Қаржылық кепілдіктер шағын және орташа бизнес үшін «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қор шығарған кепілдікті білдіреді.

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Үкімет тарапынан субсидияланады. Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» №522 қаулысына сәйкес «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» деп өзгертілді. Бүгінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысына сәйкес бағдарлама 2025 жылға дейін ұзартылып, оның атауы «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» деп өзгертілді.

Келешек кезеңдердің табыстарын және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтерді есепке алу бойынша маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдар 5-ескертпеде берілген. Келешек кезеңдердің табыстары мен несиелік сипаттағы міндеттемелер резервінің әділ құнын бағалау туралы ақпарат 22-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде берілген.

## 13 Өзге міндеттемелер

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2020 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген) | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жалдау міндеттемесі | 251,280 | 307,785 |
| Есептелген міндеттемелер мен өзге кредиторлар | 125,339 | 127,320 |
| Кредиторлық берешек | 73,799 | 228,120 |
| **Өзге міндеттемелер құрамындағы қаржылық міндеттемелер жиыны** | **450,418** | **663,225** |
| Алынған алғытөлемдер | 230,567 | 120,383 |
| Қолданылмаған демалыс күндері бойынша резервтер | 207,429 | 224,161 |
| Кіріс салығын қоспағандағы төлемге салынатын салықтар | 55,210 | 229,681 |
| Қызметкерлер сыйақылары бойынша есептелген шығындар | 3,166 | 124,507 |
| Басқа | 500 | 501 |
| **Барлық өзге міндеттемелер** | **947,290** | **1,362,458** |

Барлық жоғарыда көрсетілген міндеттемелер есептілік мерзімі аяқталғанда 12 ай ішінде қайтарылады.

Өзге қаржы міндеттемелерінің әр түрінің әділ құны туралы ақпарат 22-ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде берілген.

## 14 Акционерлік капитал

| *Мың қазақстандық теңге, акциялар санын қоспағанда* | Айналымдағы акциялар саны (мың) | Қарапайым акциялар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтар бойынша** | **27,462** | **72,920,273** | **72,920,273** |
| Шығарылған жаңа акциялар | - | - | - |
| **2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша** | **27,462** | **72,920,273** | **72,920,273** |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанда** | **27,462** | **72,920,273** | **72,920,273** |
| Шығарылған жаңа акциялар | 200 | 20,000,000 | 20,000,000 |
| **2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша** | **27,662** | **92,920,273** | **92,920,273** |

2020 жылғы 10 маусымда Қордың Жалғыз Акционерінің шешімімен Қордың акционерлік капиталы 20,000,000 мың теңгеге ұлғайтылды. Ақша Қордың шотына 2020 жылғы 15 маусымда түсті. Акционерлік капитал күрделі экономикалық кезеңде Қорға қолдау көрсету және Қордың шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламаларын одан әрі дамыту мақсатында ұлғайтылды.

2020 жылғы 13 мамырда Қордың Жалғыз акционері 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалпы сомасы 1,141,243 мың теңгені құрайтын дивидендтер жариялады. Дивидендтердің бүкіл сомасы 2020 жылғы 28 мамырда Жалғыз Акционерге төленді.

## 15 Пайыздық табыстар мен шығындар

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай (аудиттелмеген)** | **2019 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай (аудиттелмеген)** |
|---|---|---|
| **Тиімді пайыздық мөлшерлемелер әдісі бойынша есептелген пайыздық табыстар** | | |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 10,209,807 | 10,605,709 |
| Ақшалай қаражаттар пен олардың баламалары | 1,651,233 | 577,967 |
| Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар | 120,796 | 26,967 |
| Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер | 86,394 | (46,023) |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар | 44,434 | 466,801 |
| **Барлық пайыздық табыстар** | **12,112,664** | **11,631,421** |
| **Өзге ұқсас табыстар** | | |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар | 83,087 | 59,959 |
| **Өзге де осыған ұқсас барлық табыстар** | **83,087** | **59,959** |
| **Пайыздық шығындар** | | |
| Қарыз қаражат | (5,598,252) | (5,107,413) |
| Қаржылық жалдау бойынша пайыздарды төлеу шығындары | (12,485) | - |
| **Барлық пайыздық шығындар** | **(5,610,737)** | **(5,107,413)** |
| **Таза пайыздық табыстар** | **6,585,014** | **6,583,967** |

2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы пайыздық табысқа 1,905,539 мың теңге сомасындағы пайыздық табыстар кіреді (2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 3,047,838 мың теңге).

2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы пайыздық шығынға 2,691,652 мың теңге сомасындағы пайыздық шығындар кіреді (2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 2,326,385 мың теңге).

## 16 Таза комиссиялық табыстар

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **2020 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай (аудиттелмеген)** | **2019 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай (аудиттелмеген)** |
|---|---|---|
| Берілген кепілдіктер | 1,783,646 | 1,367,723 |
| Қаржы агентінің қызметтері | 409,231 | 217,072 |
| Кепілдіктер/қарсы кепілдіктер беру үшін төленетін комиссиялық шығындар | 5 | (8,131) |
| Несиені мерзімінен бұрын өтеу бойынша комиссиялық шығындар | (907) | (29,900) |
| **Барлық комиссиялық табыстар** | **2,191,975** | **1,546,764** |

Комиссиялық табыс шығарылған кепілдіктер бойынша (12-ескертпе), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ММ үшін субсидиялау қызметтерінен, «ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті» РММ, ҚР-дағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы», «ҚР Ұлттық Банкі» РММ оператор және қаржы агенті ретінде (11-ескертпе) және «Бизнесті дамытудың жол картасы-2025» Бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекетік бағдарламасы» бағдарламасын іске асыру аясында бастауыш кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі қызметтерден түскен табыстан тұрады.

## 17 Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан туындаған шығындарды шегергендегі табыстар

2020 жыл ішінде Қор екі банкке берген қарыздарды мойындауды тоқтатты, мұны бұл банктердің мүліктерін, құнды қағаздарын және қарыздар портфельдерін теңгерімге қабылдау жолымен жүзеге асырды. Бұған дейін Қор осы қарыздардың қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланған аталған қарыздарды бастапқы мойындау кезіндегі залалды мойындады. Қорға активтерді беру арқылы мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты, амортизацияланбаған дисконт амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан түскен 2,955,450 мың теңге сомасындағы табыстар арқылы шегерілді.

## 18 Активтерді нарықтағыдан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде туындайтын шығындар

